№ ЦЖСТех/пп-18-04/ЦЖС/1699 от 19.04.2024

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»
NATIONAL COMPANY KAZAKHSTAN TEMIR ZHOLY JOINT-STOCK COMPANY

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 010000, Астана қ-сы, Д.Қонаев к-сі,6 Тел.+7(7172) 60-42-29,60-42-32 факс +7(7172)60-05-50,60-05-36 E-mail: kense@railways.kz https://www.railways.kz
АО «НК «ҚТЖ» 010000, г.Астана, ул. Д Кунаева,6 Тел +7(7172) 60-42-29,60-42-32 факс +7(7172)60-05-50,60-05-36 E-mail.kense@railways.kz https://www.railways.kz
NC KTZ JSC 6 D.Kunayev Str., Astana 010000 Tel +7(7172)60-42-29,60-42-32 fax +7(7172)60-05-50,60-05-36 E-mail.kense@railways.kz https://www.railways.kz

_____№_____

«Мәртөк ауданы әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесі
030600, Мәртөк селосы
Сейфуллин көшесі, 36, Ақтөбе облысы

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамының «Ақтөбе магистральдық
желі бөлімшесі» филиалы

Теміржол жолдарының қиылысуына
техникалық шарттар

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ) Мәртөк және Жайсан ауылдары манайындағы теміржол жолдарының жаяу жүргінші көпірлерімен қиылысуына (бұдан әрі – қиылысулар) техникалық шарт беруге қатысты Мәртөк ауданы әкімінің орынбасары А.Айтмағамбетовтын (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) 2024 жылғы 15 сәурдегі № 04-2/326 өтінішін қарап, келесіні хабарлайды.

2016 жылғы 22 желтоқсандағы №1162-Ц бұйрығымен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының теміржол жолдарының инженерлік коммуникациялармен, автожолдармен және басқа да құрылыстармен қиылысу кезінде орын таңдау, жобалық құжаттамасын келісу және жұмыс жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалына (бұдан әрі – НЖС) осы хаттың шығыс нөмірі күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде қиылысу орындарын таңдау жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыруды міндеттеймін.

Комиссия жұмысының нәтижелері актімен ресімделсін, онда қиылысу орындары теміржол пикетажына (км, пк+м) дәл байланыстырыла отырып, көрсетілуі тиіс, ол Тапсырыс берушіге қиылысуға арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу үшін беріледі.

НЖС қиылысу орындарын жол, электрмен жабдықтау, сигнализация және байланыс дистанцияларымен бірлесіп қарау кезінде Тапсырыс берушіге қажет

БЛАГЭ

болған жағдайда инженерлік коммуникацияларды (электр беретін әуе, кабельдік желілер, СОБ және байланыс) және басқа да инфрақұрылым объектілерін салу аймағынан қорғау немесе шығару жөнінде ұсыныстар берсін.

Қиылысу орындарын қарау кезінде келесілер ескерілуі тиіс:

қолданыстағы теміржол және басқа да инженерлік құрылыстар мен коммуникацияларға, электрмен жабдықтау кабельдерінің трассаларына, СОБ және байланысқа қатысты трассаларды салу бөлігінде уәкілетті органдардың нормативтік құжаттарының негізгі ережелерін орындау;

теміржол инфрақұрылымы объектілерін жөндеу және жетілдіру мүмкіндігі;

жөндеу-жол және қалпына келтіру жұмыстары кезінде теміржол төсеміне кіру мүмкіндігі;

темір жол учаскесін электрлендіру және жолды дамыту перспективасы;

темір жол бөлімшелері үшін алаңдарды резервте қалдыру;

бұрын берілген келісімдер;

персоналдың жұмыс орындарына қауіпсіз өту мүмкіндігі;

кірме жолдардың жалғасуы;

қолданыстағы инфрақұрылым объектілерін сақтау.

Жер төсемінің деформацияланатын объектілерінің (көшкін беткейлері, жартас-опырылымдар, сел - және көшкін қаупі бар учаскелер және т.б.) күзет аймақтарында жер төсемінің деформациясы туындаған жағдайда шұғыл авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу талап етілуі мүмкін қиылыстар орнатуға тыйым салынады.

Қиылысуды жобалау кезінде келесілер көзделеді:

1. Конструкциялардың төменгі бөлігінің рельстердің үстінен тігінен және жаяу жүргіншілер көпірінің аралық құрылыстарының тіреуіш шеткі және (немесе) аралық тіректерінен теміржол осьтеріне дейінгі көлденең арақашықтықты МЕМСТ 9238-2013 «Жылжымалы теміржол құрамының және құрылыстардың жақындау габариттері» «С» құрылыстардың жақындау габаритін ескере отырып, қабылдау қажет.

2. Электр берудің, СОБ, байланыстың қолданыстағы кәбілдік және әуе желілерін сақтау шаралары. Бұл ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалы - электр берудің кабельдік және әуе желілерін, СОБ және байланысты ажырату, қосу кезінде көрсетілетін қызметтерге шарт жасасу қажет.

3. Жаяу жүргіншілер көпірлерін жобалау және салу жөніндегі нормативтік құжаттардың тиісті талаптарын сақтау. Кез келген жағдайларда поездар қозғалысының қауіпсіздігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ететін сақтандыру құрылғылары немесе ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар көзделуге тиіс.

Қарауға келесі құрамдағы, «Ж» немесе «ЖЖ» жобалау сатысында орындалған қиылысуға арналған электрондық (pdf.) нұсқадағы және қағаз тасығыштағы жобалау құжаттамасы қабылданады:

қиылысу орнының теміржолға нақты байланысы (км, пк, м) және жақын орналасқан жекелеген теміржол пункттерінің бағыттары көрсетілген, өтпебөлік жолағында орналасқан барлық қолданыстағы құрылғылардың таңбалануымен және атауымен қоса, қиылысу осінен және теміржол жер төсемінің үйінді табанынан (жер ойығының жиегі) бастап екі жағындағы 50 метрден кем емес шектердегі 1:500, 1:1000 масштабтағы қиылысу учаскесінің топографиялық жоспары;

қиылысу осі бойынша жердің нақты және жобалық белгілерін, жер төсемі үйіндісінің табанын (жер ойығының жиегін), рельстер бастиегінің деңгейін, қолданыстағы су бұрғыш және деформациялануға қарсы құрылыстарды (кюветтерді, тау және су бұрғыш арықтарды, дренажды құрылыстарды және т.б.), қолданыстағы коммуникациялар мен құрылыстарды, сондай-ақ 1:100, 1:200 масштабтағы қиылысуды орнату бойынша қабылданған конструктивті шешімдерді қағазға түсірумен бірге егжей-тегжейлі геологиялық көлденең профиль;

бөлінген алқапта орналасқан қолданыстағы коммуникациялармен (байланыс, электр берілістің әуе желілері және т.б.) бірге қиылысу орнату бойынша жобалық шешімдер;

келесі құрамдағы қиылысуға құрылыс ұйымының жобасы (ҚҰЖ):

құрылыстың күнтізбелік жоспары, оның ішінде дайындық кезеңін және жабдықтарды монтаждау кезеңін және т.б. ескере отырып;

құрылыстың дайындық және негізгі кезеңдерінің құрылыс сызбалары;

объектіні салудың ұйымдастыру-технологиялық схемалары;

негізгі құрылыс, монтаждау және арнайы құрылыс жұмыстары ауқымының тізімдемесі;

құрылыс шарттарының сипаттамасы;

іргетастарды жобалау топырақтың күйіне (геолого-литологиялық құрылымы, тығыздығы, ылғалдылығы, майысқақтығы, сығылуына және шөгілуіне сынақтардың нәтижелері, коррозиялық қарқындылығы, құрылыста қолданылатын болат және темірбетон конструкцияларына әсер етуіне байланысты қабылдануы керек, тоңдану тереңдігі, жер асты суларының деңгейі және олардың маусымдық еріген су және тасқын сулар кезінде көтерілуі);

жұмыс немесе жұмыс кезінен тыс уақытта жұмыс жасауға «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін тарту, электрмен жабдықтау, байланыс құрылғыларын ажырату, поездар қозғалысының үзілісі немесе жылдамдықты шектей отырып, технологиялық «толаскездерді» берудің қажеттілігі немесе қажет болмауы туралы негіздеме. Бұл ретте технологиялық «толаскездерді» беру қажет болған жағдайда оның ұзақтығы туралы кесте әзірлеу;

құрылыс-монтажтау жұмыстарын жүргізу кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар;

салынып жатқан объектінің сапасына аспаптық бақылауды жүзеге асыру әдістері туралы нұсқаулар;

темір жолдың өтпебөлік жолағында және қорғау аймағында қоршаған табиғи ортаны сақтау шарттары;

негізгі құрылыс машиналарына, механизмдерге, көлік құралдарына, сондай-ақ уақытша ғимараттар мен құрылыстарға қажеттілікті негіздеу;

материалдарды, құрылымдар мен жабдықтарды жинауға арналған алаңдардың өлшемдері мен жабдықталуын негіздеу;

объектіні салуға арналған арнайы қосалқы құрылыстардың, айлабұйымдар мен құрылғылардың тізбесі;

қиылысу орнын таңдау актісі және осы техникалық шарттардың көшірмесі;

жаяу жүргіншілер көпірлерін дұрыс, қауіпсіз пайдалануға тікелей жауапты ұйымның мекенжайы, байланыс телефонының нөмірі және атауы көрсетілген кепілхат.

Қиылысу учаскесін инженерлік-геологиялық зерттеу туралы қорытындыда келесілер көрсетілуі тиіс:

жер асты суларының қолданыстағы деңгейінің биіктік белгілері көрсетілген қиылысу учаскесінің гидрогеологиялық жағдайлары;

бұрғылау жұмыстарының минималды ауқымы – қорғаныш құбырының (футлярының) түбінен 2,0 м төмен тереңдікпен теміржол жер төсемінің екі жағынан қиысысу осі бойынша кем дегенде екі бұрғылау ұңғымасы.

Жобалық құжаттаманы электрмен жабдықтау дистанциясы, жол дистанциясы, сигнализация және байланыс дистанциясы, сондай-ақ егер жаяу жүргіншілер көпірлерін қиылысу орындары станцияның шектерінде болса «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның «Батыс» филиалы және станция басшыларымен алдын ала келісіп, содан кейін НЖС-қа ұсыну қажет. Келісім қиылысу жоспарында келісу күні, қол қоюшылардың лауазымы мен тегі көрсетіле отырып, ресімделеді, сондай-ақ мөрлермен куәландырылады, не болмаса ұсыныстар мен ескертулер жеке хатпен ресімделеді.

Қиылысуға арналған жобалық құжаттаманы қарау мерзімі көрсетілген бөлімшелердің әрқайсысы үшін үш жұмыс күнін құрауы тиіс.

Қиылысуға арналған жобалық құжаттама белгіленген тәртіппен келісілгеннен кейін НЖС қиылысуға арналған жобалық құжаттаманы келісу туралы жазбаша қорытынды дайындайды және оны қиылысуға арналған жобалық құжаттамамен бірге одан әрі қарау үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Техникалық даму департаментіне жібереді.

Осы техникалық шарттардың қолданылу мерзімі - 2 жыл.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ
«Магистральдық желі дирекциясы»
филиалы директоры **С. Рахметов**

Орынд. Қасенов Қ.С. – ЦЖСтех/пп-18-04
+7 (7172) 60-65-13